



Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті

Сапа бойынша есеп

*Қазақстан Республикасы үй шаруашылықтарындағы
азық-түлік өнімдерін тұтынуы*

Мазмұны

- S.1 Байланыс деректері
- S.2 Өзектілік- кіріспе
- S.3 Метадеректерді жаңарту
- S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну
- S.5 Өлшем бірлігі
- S.6 Есепті кезең
- S.7 Құқықтық негіз
- S.8 Құпиялылық және деректерді қорғау
- S.9 Жарияланымдар саясаты
- S.10 Тарату жиілігі
- S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық
- S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі
- S.13 Сапаны басқару
- S.14 Өзектілік
- S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)
- S.16 Уақыттылық және ұқыптылық
- S.17 Салыстырмалылық
- S.18 Келісушілік
- S.19 Жүктеме
- S.20 Деректерді қайта қарау
- S.21 Статистикалық деректерді өңдеу
- S.22 Ескерту

S.1 Байланыс деректері

S.1.1 Ұйым

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті (бұдан әрі – ҚР ҰЭМ СК)

S.1.2 Құрылымдық бөлімше

Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы басқармасы

S.1.3 Байланыс адамының аты

Мәлік Зарина

S.1.3.1 Жауапты құрылымдық бөлімше басшысының аты

Наталья Евгеньевна Белоносова

S.1.5 Байланыс адамының пошталық мекенжайы

010000, Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Есіл өзенінің сол жағалауы, Мәңгілік ел даңғылы 8, Министрліктер үйі, 4 кіреберіс

S.1.6 Байланыс адамының электрондық мекенжайы

zar.malik@economy.gov.kz

S.1.7 Байланыс адамының телефоны

+7 7172 74 96 87

S.2 Өзектілік- кіріспе

Тұрмыс деңгейі статистикасы бойынша байқау кең көлемді статистикалық ақпарат. Зерттеу қорытындылары бойынша алынған ақпарат өңірлік ерекшеліктерді есепке алумен, халықтың тұрмыс деңгейі дамуының жағдайы мен үрдісін талдау, атқарушы органдардың өңірлерді әлеуметтік дамытудың түрлі бағдарламаларын дайындауы, өткізілетін іс-шаралардың тиімділігін бағалауы және ағымдағы болжамдарды әзірлеуі үшін пайдаланылады.

Байқауды өткізу мақсаты үй шаруашылықтарының ақшалай табыстары мен шығыстарының деңгейі мен құрылымы, тұтынуы туралы мәліметтерді алу болып табылады.

Қолдану саласы - ұлттық шоттар жүйесінде үй шаруашылықтар секторының шоттарын құрастыру үшін; тұтыну бағаларының индексін есептеу үшін салмақты көрсеткіштерді алу; халықтың табыстапры мен шығыстарының саралануын талдау үшін деректерді алу; халықты материалдық әл-ауқат деңгейі бойынша бөлу, кедейлік деңгейі және азық-түлік өнімдерін тұтыну туралы деректерді алу.

Пайдаланушылар - жеке және заңды тұлғалар, мемелкеттік органдар.

S.3 Метадеректерді жаңарту

S.3.1 Жаңартылған метадеректерді соңғы растау

S.3.2 Метадеректерді соңғы орналастыруы

S.3.3 Метадеректердің соңғы жаңаруы

S.4 Статистикалық ақпаратты ұсыну

S.4.1 Деректерді сипаттау

Азық-түлік өнімдерінің түрлері бойынша тұтыну;

Үй шаруашылықтарында негізгі азық-түлік өнімдерінің халықтың 10% ең аз және 10% ең көп қамтылған (децильдік) топтары бойынша тұтынылуы;

Үй шаруашылықтарында негізгі азық-түлік өнімдерінің халықтың 20% ең аз және 20% ең көп қамтылған (квинтильдік) топтары бойынша тұтынылуы;

Үй шаруашылықтарының тұтыну шығыстарындағы негізгі азық-түлік өнімдерін сатып алуға жұмсаған шығыстарының үлесі;

Халықтың азық-түлік өнімдерін сатып алуға жұмсаған тұтыну шығыстары және олардың құрылымы.

S.4.2 Жіктеу жүйесі

Максаттар бойынша жеке тұтыну жіктеуішіне (МЖТЖ) тауар айқындамаларының номенклатурасы ҚР ҰЭМ СК сайтында www.stat.gov.kz

«Классификаторлар» бөлімінде орналасқан.

S.4.3 Секторлық қамту

Үй шаруашылықтарының азық-түлік өнімдерін тұтынуы, табыстары мен шығыстары, халықтың тұрмыс деңгейі.

S.4.4 Статистикалық тұжырымдамалар және анықтаулар

1) Байқау түрі - іріктеме.

2) Респонденттер тобы - зерттеуге 12000 үй шаруашылығы қатысады.

Ұсыну мерзімі – есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-шы күніне дейін.

3) Мәліметтерді жинау – «Күнделікті шығыстарды есепке алу күнделігі» жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны. Статистикалық нысан коды 644103003, индексі D 003, мерзімділігі тоқсандық. Статистикалық нысан қайта қаралған және ҚР ҰЭМ СК төрағасының бұйрығымен тіркелген және ҚР ҰЭМ СК www.stat.gov.kz ресми сайтының «Респонденттерге» бөлімінде қолжетімді.

S.4.5 Статистикалық объект

Күнделік азық-түлік тауарларына (үй шаруашылығында, сонымен қатар қоғамдық орындарда қолданылатын) күнделікті ақшалай шығыстарды және олардың мөлшерін (жеке қосалқы шаруашылықтан тегін немесе сыйға алынған өнімдерді қосқанда), сондай-ақ жанар-жағармай материалдарына шығыстар.

S.4.6 Бас жиынтық (зерттеу бірлігінің іріктеу қағидаты)

Бас жиынтыққа коммуналдық пәтерлерде, жатақханаларда, қарттар мен мүгедектерге арналған интернат-үйлерде, балалар үйлерінде, түрмелерде, қонақүйлерде, діни бірлестіктер мен басқа да ұқсас тұрғын үй-жайларда тұратындарды қоспағанда тұрғын үй-жайлардың барлық түрінде тұратын үй шаруашылықтары кіреді. Сондай-ақ зерттеу бірлігі де болып табылатын іріктеудің түпкілікті бірлігі ретінде үй шаруашылығы анықталды.

Үй шаруашылықтарының іріктемелі жиынтығы іріктеменің әр қалыптастырудың әрбір сатысындағы кездейсоқ стратификациялау және іріктеу рәсімдерін қолдана отырып, іріктеменің екі сатылы ықтимал (кездейсоқ) әдісімен қалыптасады. Стратификациялау рәсімі халық жіктелуінің аумақтық ерекшеліктерін барабар көрсететін үй шаруашылықтарының келісті іріктемелі жиынтығын қалыптастыруға бағытталған.

S.4.7 Аумақтық қамту

Қазақстан Республикасы (14 аймақ және Астана, Алматы және Шымкент қк.)

S.4.8 Қамту уақыты

2001 жылдан бастап

S.4.9 Базалық кезең

Былырғы жылдың тиісті кезеңімен ара қатысы белгіленеді.

S.5 Өлшем бірлігі

Килограмм

S.6 Есепті кезең

жыл

S.7 Құқықтық негіз

S.7.1 Құқықтық база

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңы.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 9 шілдедегі №173 бұйрығымен бекітілген Респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну қағидалары.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағаның м.а. 2010 жылғы 14 шілдедегі №183 бұйрығымен бекітілген Әкімшілік дереккөздердің әкімшілік деректерді өтеусіз негізде ұсыну қағидалары.

4. Белгіленген заңнамалық тәртіппен Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің бұйрығымен бекітілген Статистикалық жұмыстардың жоспары.

5. Белгіленген заңнамалық тәртіппен ҚР ҰЭМ СК төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату кестесі.

6. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі төрағасының 2010 жылғы 20 мамырдағы №113 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде көзделмеген және респонденттердің алғашқы статистикалық деректерді ұсыну графигіне сәйкес респонденттер ұсынатын алғашқы статистикалық деректер негізінде әзірленген статистикалық ақпаратты өтеусіз негізде беру қағидалары.

7. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 778 бұйрығымен бекітілген Деректер базасын деидентификациялық түрде ұсыну және ғылыми мақсаттарға қолдану қағидалары.

S.8 Күпиялылық және деректерді қорғау

S.8.1 Күпиялылық саясаты

1. «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы №257-IV Заңының 8-бабына сәйкес респонденттер ұсынатын деректерді қорғау және күпия кепілі қамтамасыз етіледі.

2. 2015 жылғы 29 қазандағы № 183 Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 28-бабы коммерциялық күпиядан тұратын ақпаратты қорғауды қамтамасыз етеді.

3. ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2016 жылғы 31 қазандағы № 252 бұйрығымен бекітілген Ақпараттық қауіпсіздік саясаты (бұдан әрі – Саясат) Комитеттің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы мақсаттарын, міндеттерін, басқару қағидалары мен практикалық тәсілдерін айқындайды. Саясаттың негізгі мақсаты ресми статистикалық ақпараттың қолжетімділігін, ақпараттың күпиялылығын, оның тұтастығын және теңтүпнұсқалығы болған жағдайда Комитеттің есептеу техникасы құралдарында өңделетін және сақталатын ақпаратты қамтамасыз ету болып табылады.

S.8.2 Күпиялылық – деректермен жұмыс істеу

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы № 778 бұйрығымен бекітілген Дерекқорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсатта ұсыну және пайдалану ережесі.

S.9 Жарияланымдар саясаты

S.9.1 Жарияланым күнтізбесі

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы № 257 Заңының 26-бабының 1 және 2-тармағына сәйкес.

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР ҰЭМ СК сайтында www.stat.gov.kz «Негізгі» бөлімінде// «Негізгі құжаттар» орналысқан.

S.9.2 Графикке қол жеткізу

Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигі ҚР ҰЭМ СК сайтында www.stat.gov.kz «Негізгі» бөлімінде// «Негізгі құжаттар» орналысқан.

S.9.3 Пайдаланушы үшін қол жеткізу

ҚР ҰЭМ СК сайтының www.stat.gov.kz Ресми статистикалық ақпарат - Жедел деректер (жедел ақпарат, бюллетендер) - Халықтың өмір сүру деңгейі.

S.10 Тарату жиілігі

жыл

S.11 Тарату форматы, қолжетімділік және нақтылық

S.11.1 Жаңалықтарды жариялау

ҚР ҰЭМ СК сайтының www.stat.gov.kz Негізгі - Баспасөз қызметі - Жаңалықтар және баспасөз хабарламасы - Комитеттің жаңалықтары - Комитеттің баспасөз хабарламалары бөлімінде жылына бір рет келесі баспасөз хабарламалары орналастырылады:

- 1) Үй шаруашылықтарындағы тамақ өнімдерін тұтынуы туралы;
- 2) Қазақстан Республикасы халқымен тұтынылатын тамақ өнімдерінің энергетикалық құндылығы туралы.

S.11.2 Жарияланымдар

ҚР ҰЭМ СК сайтының www.stat.gov.kz Негізгі - Ресми статистикалық ақпарат (салалар бойынша) - Жедел деректер (жедел ақпарат, бюллетендер) - Халықтың өмір сүру деңгейі бөлімінде электронды түрде келесі жарияланым орналасқан:

- 1) тоқсан сайын, жыл сайын «Қазақстан Республикасының үй шаруашылықтарында азық-түлік өнімдерін тұтынуы» статистикалық бюллетені;
- 2) жылына бір рет «Қазақстан Республикасының халқы тұтынатын тамақ өнімдерінің энергетикалық құндылығы туралы» жедел-ақпарат;
- 3) жылына бір рет «Қазақстандағы халықтың тұрмыс деңгейі» статистикалық жинағы;
- 4) тоқсан сайын, жыл сайын электронды кестелер түрінде жедел ақпарат;
- 5) жыл сайын негізгі көрсеткіштер және кестелік материалдар.

Сонымен қатар ҚР ҰЭМ СК сайтының www.stat.gov.kz Негізгі - Мемлекеттік органдар үшін экономикалық көрсеткіштер мониторингі - Азық-түлік қауіпсіздігі жағдайын мониторингілеу көрсеткіштері бөлімінде жыл сайын азық-түлік қауіпсіздігі жағдайын мониторингілеу көрсеткіштері орналастырылады.

S.11.3 Онлайндық деректер базасы

«Талдау» ақпараттық-талдамалық жүйесінің Тұрмыс деңгейі статистикасы бөлімінде.

S.11.3.1 АС1. Деректер кестесі -кеңестер

Іске асырылмаған

S.11.4 Микродеректерге қолжетімділік

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 18 желтоқсандағы №778 бұйрығымен бекітілген Дереккорды қайта сәйкестендірілген түрде ғылыми мақсатта ұсыну және пайдалану ережесі.

S.11.5 Өзге де

Тоқсандық «Экономика және статистика» ғылыми-ақпараттық журналында мақалалар мерзімді басылады.

S.11.5.1 АС 2. Метадеректер – кеңестер

Іске асырылмаған

S.12 Құжаттаманың қолжетімділігі

S.12.1 Әдіснама бойынша құжаттама

Барлық әдіснама Комитеттің www.stat.gov.kz сайтында халықтың өмір сүру деңгейі бөлімінде орналасқан.

S.12.2 Сапа бойынша құжаттама

1. ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 23 сәуірдегі № 67 бұйрығымен бекітілген Сапа саласындағы саясат.
2. ҚР ҰЭМ СК Сапа саласындағы мақсаттары, Еңбек және тұрмыс деңгейі статистикасы басқармасының Сапа саласындағы мақсаттары.
3. Сапа менеджменті жүйесі құжатталған ақпараты: Сапа бойынша нұсқау; Құжатталған рәсімдер; Нұсқаулықтар; Процесстер карталары.
4. ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 30 наурыздағы № 53 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік органдардың статистикалық ақпаратты түзу үдерісін сипаттаудың үлгілік әдістемесі.
5. ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.
5. ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2018 жылғы 23 мамырдағы № 63 бұйрығымен бекітілген Ресми статистикалық ақпараттың сапасын бағалау әдістемесі.

S.13 Сапаны басқару

S.13.1 Сапаны қамтамасыз ету

Тұрмыс деңгейі статистикасы бойынша деректердің сапасы және анықтығы жалпы мақұлдаған рәсімдермен құпталады:

- бастапқы есепке алу негізгі принциптерді сақтау.
- стандартты статистикалық сыныптамасын пайдалану;
- бастапқы деректердің дұрыстығын растау үшін респонденттерден қосымша ақпарат алу мүмкіндігі заңмен бекітілді бар;
- статистикалық деректерге салыстырмалы талдау жүргізіледі (динамикада, әкімшілік деректермен, салааралық);
- іріктеме жиынтығының ротациясы;

- деректердің сапасын жақсарту, статистикалық нысанның кейбір сұрақтары бойынша жауап алынбауды азайту және статистикалық нысанды дұрыс толтыруды тексеру мақсатында алғашқы деректерді электронды форматты енгізу деңгейіне дұрыстықты тексеру анықталған, сондай-ақ алғашқы статистикалық ақпаратты өңдеу бойынша бағдарламалық қамтамасыз етуге әртүрлі форматты-логикалық бақылаулар қосылған.

S.13.2 Сапаны бағалау

- БҰҰ Еуропалық Экономикалық Комиссиясының Қазақстан Республикасының статистикалық жүйесінің жаһандық бағасы (2008ж., 2017ж.).

- Тұрмыс деңгейі статистикасының әдіснамасы халықаралық салғастырымдылықта, "Қазақстан Республикасының үй шаруашылықтарында азық-түлік өнімдерін тұтынуы" туралы бюллетені негізінде Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекетаралық статистикалық комитеті, Еуразиялық экономикалық комиссиясының халықаралық сұрақнамалары толтырылады.

S.14 Өзектілік

S.14.1 Пайдаланушылардың қажеттіліктері

Қолданушылар: жеке және заңды тұлғалар, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының Мемлекетаралық статистикалық комитеті, Еуразиялық экономикалық комиссиясы, Біріккен Ұлттар ұйымы Азық-түлік және ауылшаруашылық ұйымы және басқа халықаралық ұйымдар, мемлекеттік органдар.

Қолдану саласы - ұлттық шоттар жүйесінде үй шаруашылықтар секторының шоттарын құрастыру үшін; тұтыну бағаларының индексін есептеу үшін салмақты көрсеткіштерді алу; халықтың табыстапры мен шығыстарының саралануын талдау үшін деректерді алу; халықты материалдық әлауқат деңгейі бойынша бөлу, кедейлік деңгейі және азық-түлік өнімдерін тұтыну туралы деректерді алу.

S.14.2 Пайдаланушы-лардың қанағаттанушылығы

S.14.3 Толықтығы/ R1. Деректердің толықтығы - үлес

S.15 Дәлдік және сенімділік (байқау түрін ескерумен толтырылады)

S.15.1 Жалпы дәлдік

S.15.2 Іріктеме қатесі - индикаторлар/ A1.

S.15.3 Іріктемемен байланысты емес қате

S.15.3.1 Қамту қатесі

Зерттеу барысында іріктеп алынған тұрғын үй табылмауына немесе оған адам қоныстанбауына немесе үй шаруашылығы зерттеуге қатысудан бас тартуына байланысты үй шаруашылығына сауал жүргізу мүмкін болмайтын жағдайлар орын алуы мүмкін. Зерттеуге қатысудан бас тарту орынсыз құбылыс болып табылады, өйткені іріктеменің көлемін қысқартады және негізінен іріктеменің ықтимал ығысуының қайнар көзі және бұрмаланған статистикалық нәтижелерге алып келеді.

Деректерді алмау мәселесін жеңудің ең тиімді тәсілі әрбір жағдайды егжей-тегжейлі құжаттау болып табылады.

«Алмастыруды болдырмау» қағидатын сақтау бойынша қиындықтар туған жағдайда, әрбір кластерде үй шаруашылықтарының саны 1/3 мөлшерінде (әрбір интервьюерге 10 үй шаруашылығынан) үй шаруашылықтарының резервтік тізімі көзделген.

Жалпы алғанда әрбір кластерде 40 тұрғын үй таңдап алынады: атаулы іріктемеде – 30 және алмастырылатыны – 10.

Сонымен қатар Деректерді толық ала алмау жағдайларының орнын толтыру үшін сол елді мекендегі барлық жауап берген үй шаруашылықтары үшін үлкен салмақтар беру арқылы салмақтарды түзетудің қарапайым сызбасын қолдану ұсынылатынын атап өткен жөн.

Зерттеуге қатысудан бас тарту жағдайларынан деректерді ала алмау жылына 5% құрады.

S.15.3.1.1 A2. Қамтуды арттыру - үлес

Қолданылмайды

S.15.3.1.2 A3. Жалпы бірліктер - арақатынас

Қолданылмайды

S.15.3.3 Жауап жоқ болу қателері

S.15.3.3.1 A4. Жауап жоқ болу бірлігі – үлесі

Деректерді ала алмау іріктемелі бірлік зерттеуге мүлдем қатыспаған кезде не оған ішінара қатысқан жағдайда орын алады. Деректерді толық ала алмау жағдайларының орнын толтыру үшін сол елді мекендегі барлық жауап берген үй шаруашылықтары үшін үлкен салмақтар беру арқылы салмақтарды түзетудің қарапайым сызбасын қолдану ұсынылады. Сол елді мекенде үй шаруашылықтарының барлық сұрақтарына жауап бергендердің салмағы сол бір коэффициентке көбейтіледі.

S.15.3.3.2 A5. Жауап жоқ болу тармағы – үлесі

ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 14 желтоқсан № 202 бұйрығымен бекітілген Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтары іріктемесін құру әдістемесіне сәйкес тек нақты мәселелер бойынша деректер жоқ болған жағдайда мәндердің міндеттеушілік (импутациялау) әдісі қолданылады. Бұл әдіс жеке айқындама бойынша жоқ деректерді аталған объекті бойынша немесе аталған зерттеудің басқа объектілері бойынша қолда бар басқа ақпаратты есепке ала отырып, болжам жасалатын мәндермен алмастыруға негізделген.

S.16 Уақыттылық және ұқыптылық

S.16.1 Уақыттылық

S.16.1.1 TP1. Күту кезеңі – алғашқы нәтижелер

Бюллетендегі тоқсан бойынша алғашқы қорытындылар респонденттер алғашқы статистикалық ақпаратты ұсынғаннан кейін 70-күні жарияланады және түпкілікті болып табылады. Шығару күні

Статистикалық жұмыстар жоспарында және ресми статистикалық ақпаратты тарату графигінде жарияланған және бекітілген.

S.16.1.2 TP2. Күту кезеңі – соңғы нәтижелер

Алғашқы қорытындылар түпкілікті болып табылады.

S.16.2 Ұқыптылық

S.16.2.1 Ұқыптылық/TP3

Деректер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика Министрінің бұйрығымен бекітілетін Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес және ҚР ҰЭМ СК төрағасының бұйрығымен бекітілетін Ресми статистикалық ақпаратты тарату графигіне сәйкес

жарияланады.

S.17 Салыстырмалылық

S.17.1 Географиялық салыстырмалығы

Өңірлер арасында деректер салғастырмалы.

S.17.1.1 Ағындардың айналы статистика бойынша ассиметриясы – коэффициент/СС1

S.17.2 Салыстырылатын уақытша қатарлардың ұзақтылығы/СС2

Үй шаруашылықтарында азық-түлік өнімдерін тұтынуының серпінді қатары 2001 жылдан бастап салыстырмалы және үздіксіз.

S.18 Келісушілік

S.18.1 Сыртқы келісушілік, айқасқан

Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтары іріктемесін құру әдістемесі 2010 жылға арналған «Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын зерттеу үшін жаңа іріктемені әзірлеу» бірлескен экономикалық зерттеу жобасын іске асыру шеңберінде Дүниежүзілік банк сарапшыларының ұсынымдары негізінде әзірленген.

Аталған Әдістеме әлемдік тәжірибеде қабылданған іріктемені құру әдістеріне сәйкес келеді және сапалы статистикалық деректер алуды қамтамасыз етеді.

S.18.2 Ішкі келісушілік

ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 17 қараша № 179 бұйрығымен бекітілген

Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын іріктемелі зерттеу бойынша сұхбат жүргізу әдістемесі (14.12.2015 ж. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12412 болып тіркелді);

ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 14 желтоқсан № 202 бұйрығымен бекітілген Тұрмыс деңгейін зерттеу бойынша үй шаруашылықтары іріктемесін құру әдістемесі;

ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 208 бұйрығымен бекітілген Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын зерттеуді ұйымдастыру жөніндегі әдістеме (15.01.2016 ж. Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12871 болып тіркелді).

Барлық әдіснама ҚР ҰЭМ СК-ның www.stat.gov.kz сайтында Халықтың өмір сүру деңгейі бөлімінде орналасқан.

Статистикалық құрал және көрсеткіштерді қалыптастыру әдісі ҚР ҰЭМ СК-ның барлық құрылымдық бөлімшелермен келісілген.

S.19 Жүктеме

«Күнделікті шығыстарды есепке алу күнделігі» D 003 статистикалық нысанында шығыстарды жұмсау сәтіндегі шығыстар туралы ақпарат көрсетіледі. Бір күнделік үй шаруашылығы 15 күн ішінде толтыруға қарастырылған, екіншісі айдың 16 күніне арналған. Зерттеуге қатысатын үй шаруашылықтары тоқсанына екі күнделік толтырады, яғни бір ай бойы жазба жүргізеді. Деректерді жинау қағаз тасымалдағыштарында жиналады.

Ақпаратты өңдеу рәсімдері жергілікті бағдарламалар кешенін қолдана отырып автоматтандырылған, кіріс және шығыс ақпаратты бақылау көзделген.

Басқа зерттеулермен қайталау жоқ. Әкімшілік деректер пайдаланылмайды.

S.20 Деректерді қайта қарау

S.20.2 Деректерді қайта қарау /А6

Статистикалық құралдар қажеттілікке байланысты қайта қаралады (қолда бар көрсеткіштерді қайта қарау немесе жаңа көрсеткіштерге қажеттілік, ескірген нормативтік құқықтық актілер).

S.21 Статистикалық деректерді өңдеу

S.21.1 Бастапқы деректер

Деректерді жинау азық-түлік тауарларына (үй шаруашылығында қолданылатын) күнделікті ақшалай шығыстарды және олардың мөлшерін (жеке қосалқы шаруашылықтан тегін немесе сыйға алынған өнімдерді қосқанда), сондай-ақ жанар-жағармай материалдарына шығыстарды есепке алу бойынша мәліметтерді жазу негізінде құрылған. Күнделікті үй шаруашылығының мүшесі толтырады.

Аталған зерттеуге үй шаруашылықтары іріктемелі жиынтығы іріктеменің әр қалыптастырудың әрбір сатысындағы кездейсоқ стратификациялау және іріктеу рәсімдерін қолдана отырып, іріктеменің екі сатылы ықтимал (кездейсоқ) әдісімен іріктеп алынады. Үй шаруашылықтарының іріктеме жиынтығын қалыптастыру үшін Тұрғын үй қорының статистикалық тіркелімі (бұдан әрі – ТҚСТ) - ақпараттық қор болып табылады. Зерттеу бірлігі үй шаруашылығы болып анықталған, іріктеме көлемі 12 000 үй шаруашылығы (жалпы жиынтықтан 0,3%) құрады.

Бас жиынтыққа таратылған деректерді алу мақсатында зерттеу қорытындыларына статистикалық салмақтау жүргізіледі. Іске асыру іріктемеге түскен, ұсынатын бөлігіне үй шаруашылықтарының жалпы санын сипаттайтын әрбір зерттелген үй шаруашылығына статистикалық салмақ беру арқылы жүзеге асырылады. Салмақ халықтың тұрмыс деңгейі көрсеткіштері үшін тоқсан сайын есептеледі. Салмақты есептеу үшін өңірлік бөліністегі қалалық және ауылдық халық бойынша бөлек зерттелетін үй шаруашылықтарына бөлу туралы ТҚСТ-ның деректері қолданылады.

«Базалық» салмақтың жиынтығы осы өңірдің және бүкіл елдің барлық үй шаруашылықтарының санын бағалауды қамтамасыз етеді. Оларды пайдалану іріктемені қалыптастырудың бастапқы қағидаттарын іріктемелі жиынтыққа сәйкес сақтап қалуға мүмкіндік береді.

Іріктеп алынған үй шаруашылықтарынан жауап ала алмау зерттеу нәтижелерінің бұзылуына алып келетін айтарлықтай кемшілік болып табылады. Бұл жағдайда жетіспейтін деректердің орнын толтыру қажеттілігі туындайды. Осы рәсім көрсеткіштерді жете есептеуді, яғни іріктемелі зерттеудің алынбаған деректерінің орнын толтыруды жүзеге асыру үшін арналған.

Деректерді ала алмау іріктемелі бірлік зерттеуге мүлдем қатыспаған кезде не оған ішінара қатысқан жағдайда орын алады. Деректерді толық ала алмау жағдайларының орнын толтыру үшін сол елді мекендегі барлық жауап берген үй шаруашылықтары үшін үлкен салмақтар беру арқылы салмақтарды түзетудің қарапайым сызбасын қолдану ұсынылады. Сол елді мекенде үй шаруашылықтарының барлық сұрақтарына жауап бергендердің салмағы сол бір коэффициентке көбейтіледі. Мысалы: егер алғашқы іріктемелі бірліктердегі үй шаруашылықтарының 90 пайызы барлық сұрақтарға жауап берсе, барлық жауап бергендер үшін салмақтар $1/0,9=1,11$ коэффициентіне көбейтілуі қажет. Сұраққа жауап бермеген барлық үй шаруашылықтары олардың әрбіреуі үшін нақты үлес салмағы нөлге тең тапсырма берілу үшін іріктемеден шығарылады.

Қосымша ауыспалы ретінде есептелген дербес салмақтар әрбір үй шаруашылығы бойынша деректер қорына жазылады және республикалық және өңірлік деңгейде тиісті тоқсан бойынша жиынтық қорытындыларды қалыптастыру кезінде пайдаланылады. Орташа бір жылға таратылған деректер тоқсандық деректерді біріктіру жолымен алынады.

Үй шаруашылықтарының зерттеуге қатысудан шаршауын болдырмау мақсатында үй шаруашылықтарының іріктемесіне кезең-кезеңмен ротация жүргізілуі қажет. Іріктемені жүйелі ротациялау үдерісі зерттеуге қатысудан бас тартқан үй шаруашылықтарын алмастырумен байланысты емес.

Сол бір үй шаруашылығына бір есепті жыл ішінде маусымдық ауытқулармен және басқа да құбылыстардың ықпалын қадағалау мақсатында ротацияны жылдың басында жүргізген мақсатқа сай болып табылады, яғни жыл сайын желтоқсанда іріктемені жаңарту қажет.

Үй шаруашылықтарының ротациясын (іріктемені жаңарту) зерттелетін үй шаруашылықтарының жалпы санынан $1/3$ көлемде жыл сайын жүргізу жоспарланып отыр. Яғни жыл сайын үй шаруашылықтарының $1/3$ бөлігі іріктемеден шығарылатын және басқа үй шаруашылықтарына алмастырылатын болады. Осылайша, 3 жыл өткен соң іріктемеге толық жаңарту жүргізіледі.

Жыл соңында (желтоқсанда) әрбір кластерде 10 үй шаруашылығы кездейсоқ таңдап алынады және іріктемеден шығарылады. Бірінші таңдап алынған үй шаруашылықтарының ішінен тағы 10-ы кездейсоқ таңдап алынады және келесі жылдың соңында іріктемеден шығарылады, ал қалған 10 үй шаруашылығы келесі жылдың соңында шығарылады. Әр кезде шығарылған үй шаруашылықтарының орнын толтыру үшін өзектендірілген ТҚСТ деректер базасынан 10 жаңа үй шаруашылығы кездейсоқ таңдап алынатын болады.

S.21.2 Зерттеу кезеңділігі

токсан

S.21.3 Алғашқы статистикалық деректерді жинау әдісі (тәсілі)

Деректерді жинау әдісі- өздігінен тіркеу әдісі арқылы жүргізіледі. D 003 «Күнделікті шығыстарды есепке алу күнделігі» статистикалық нысанын толтыру бойынша қағаз тасымалдауышта деректердің жинау жүзеге асырылады.

S.21.4 Алғашқы статистикалық деректердің анықтығы

Деректерді өңдеу рәсімі деректерді редакциялау, импутациясын және біріктіруді қамтиды.

Өндеудің бірінші кезеңінде деректер қорын редакциялауды жүзеге асырады және оны жұмыс қалпына келтіреді. Ол үшін бақылаудың мынадай түрлері жүргізіледі:

1) экстремалдық мәндерді анықтау үшін бақылау (аутлайерлер). Көрсеткіштердің экстремалдық мәндерінің аясы шекарасы орташа квадратты ауытқу мөлшеріне көрсеткіштердің орташа мәнінің ауытқуымен анықталатын интервалдан тыс орналасқан;

2) сандық көрсеткіштердің ең жоғарғы және ең төменгі мәндері талданады;

3) респонденттерден келіп түскен ақпараттың сапасын бағалау. Осы мақсатпен сұрақнаманың әрбір бөлімінің ішінде енгізу қателерін, сондайақ үй шаруашылықтары тарапынан болатын тіркеу қателерін жоюға мүмкіндік беретін логикалық бақылау жүйесі құрылады: үй шаруашылықтары үшін типтік емес шығыстар (экзотикалық азық-түлік өнімдерін немесе үй жануарларын тамақтандыру үшін қымбат тұратын азық-түлік өнімдерін сатып алу), тұрғын үй алаңы жалпы алаңнан үлкен болмауы қажет;

4) әр түрлі статистикалық нысандардан алынған ақпараттың логикалық байланысына негізделген бақылау. Екі жақты сұраулардың көмегімен сұрақнамалар арасындағы өзара байланыс тексеріледі, нысандарды толтырудың толықтығы бақыланады.

S.21.5 Импутация - үлесі/A7

ҚР ҰЭМ СК төрағасының 2015 жылғы 15 желтоқсандағы № 208 бұйрығымен бекітілген

Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын зерттеуді ұйымдастыру жөніндегі әдістемеге сәйкес деректерді өндеудің екінші кезеңі импутация болып табылады – жетіспейтін жауаптарға шамаларды меншіктеу.

Тұрмыс деңгейін бағалау бойынша үй шаруашылықтарын зерттеуде зерттеу нысандары, сондай-ақ олардың жекелеген сұрақтары бойынша жауабы жоқтарының белгілі бір пайызы бар. Жауаптардың жоқтығынан туындайтын қателіктерді болдырмау мақсатында өңдеу кезінде жетіспейтін ақпараттың орнын толтыру басты міндет болып табылады. Күнделіктің апталарының бірінде шығыстардың әр түрлі түрлері бойынша жетіспейтін жауаптарды импутациялау күнделіктің толтырылған аптасындағы шығыстардың тиісті түрлері бойынша өңірлік деңгейде жүргізіледі.

Тоқсандық сұрақнама болмаған жағдайда (күнделік болған кезде) оны импутациялау жүргізілмейді, үй шаруашылығы зерттеуден шығарылады және күнделіктегі барлық жазбалар өңдеуге қатыспайды.

Жекелеген көрсеткіштер бойынша жетіспейтін деректерді импутациялау мынандай үлгіде жүргізіледі:

- 1) егер сатып алу мөлшері белгілі, ал бағасы көрсетілмесе онда сол тауарға облыс бойынша сатып алудың орташа бағасы шартты түрде қойылады;
- 2) егер сатып алу бағасы белгілі, ал мөлшері белгісіз болса, онда облыс бойынша осы тауардың сатып алынған орташа бағасына көрсетілген құнның қатынасы тең мөлшері импутацияланады.
- 3) егер сатып алудың мөлшері және бағасы да белгісіз болып, бірақ атауы бар болған жағдайда, онда осы тауарды сатып алудың және оның бағасының орташа мөлшері импутацияланады.

S.21.6 Түзету

Деректерді түзету тікелей статистикалық бақылау жүргізу кезінде жүзеге асырылады.

S.21.6.1 Маусымдық ауытқуларға түзетулер

Қолданылмайды

S.22 Ескерту

Тұрмыс деңгейі халықтың әл-ауқатын, адамның материалдық, мәдени, әлеуметтік игіліктерді және қызметтерді нақты қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін шарттармен жиынтықта тұтынуын сипаттайтын әлеуметтік-экономикалық санат ретінде айқындалады. Халықаралық деңгейде тұрмыс деңгейі статистикасы деректерінің салғастырымдылығын және сапасын алдағы уақытта қамтамасыз ету жұмыстары жалғастырылады.